

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Қабанбай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 3,5 км орналасқан жер учаскесі тұстамасындағы Алакөл көлінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 466 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 қаңтарда № 6698 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Қабанбай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 3,5 км орналасқан рекреациялық мақсаттар үшін ұсынылған жер учаскесі тұстамасындағы Алакөл көлінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Қабанбай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 3,5 км орналасқан рекреациялық мақсаттар үшін ұсынылған жер учаскесі тұстамасындағы Алакөл көлінің су қорғау аймағы аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеуі аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Үржар ауданы әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы үәкілдегі мемлекеттік органдарға тапсырын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;
- 3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агрономикалық кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

" К Е Л И С И Л Д И "

Қазақстан

Республикасы

Экология, геология

және табиғи ресурстар

министрлігі

Су

ресурсстары

комитетінің

Су ресурстарын

пайдалануды

реттеу

және қорғау

жөніндегі

Ертіс

бассейндік

инспекциясының

басшысы

К.

Баймағамбетов

2019 жылғы " — "

Шығыс Қазақстан

облысы әкімдігінің

2019 жылғы 27 желтоқсаны

№ 466 қаулысына қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Қабанбай ауылынан
оңтүстік-шығысқа қарай 3,5 км орналасқан рекреациялық маңсаттар үшін
ұсынылған жер участкесі тұстамасындағы Алакөл көлінің су қорғау аймағы мен
су қорғау белдеуі**

Су объектісі, оның участкесі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Алакөл көлі, 05-248-083 есеп кварталы аумағындағы рекреациялық арналған телім	1,5	84,7	525	1,5	12,4	75

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК